

дали курсы, необходимы коренные изменения в деятельности структур, стоящих между министерством образования и школой.

Из опыта других стран мы видим, что доверие как к подрастающей личности, так и к учителю, даёт прекрасные результаты: модель спокойной и доброжелательной обстановки в детском саду и школе впоследствии переносится в семью.

Для того, чтобы процесс изменений ускорился, наша страна делает первые шаги к переходу на трёхязычие. Период изоляции и самодостаточности прошёл, каждый человек должен глобально мыслить, понимать происходящие в мире процессы, иметь возможность общения с людьми разных стран.

Я считаю, что для воспитания счастливого человека в современном мире нужно развивать в нём интеллект и нравственность. Нельзя рассматривать человека, как винтик какой – либо политической или идеологической системы.

Итак, в результате исследований, доказана взаимосвязь между образованностью и счастьем, но в большей степени от атмосферы подачи знаний, а не от их объема.

«Самая важная вещь в этой жизни – это помогать побеждать. Даже если это означает что нужно замедлить или изменить собственную гонку». Спиноза

Список литературы:

- 1.Полат Е. С. Основные тенденции развития систем образования в мире. Статьи, 2000.
- 2.Исследование «Института Земли»: Рейтинг стран мира по уровню счастья населения в 2013 году. [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2013.09.11.
- 3.Исследование INSEAD: Глобальный индекс инноваций 2014 года. [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2014.07.18.(18.09.2014)
- 4.CopyrightMyCorp © 2014 (19.09.2014)
- 5.ООН. Индекс человеческого развития в странах мира. [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2014.07.24. (20.09.2014)
- 5.Рейтинг стран мира по уровню восприятия коррупции. Гуманитарная энциклопедия [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2014.07.07. (19.09.2014)
- 6.Индекс удовлетворенности жизнью в странах мира. Гуманитарная энциклопедия [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2008.01.19 (последняя редакция: 2014.07.07).
- 7.Репортеры без границ: Всемирный индекс свободы прессы 2013–2014. [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2014.02.12.(22.09.2014).
- 8.Рейтинг стран мира по уровню развития Интернета. Гуманитарная энциклопедия [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2012.05.23 (22.09.2014)
- 9.Рейтинг стран мира по показателю качества жизни пожилых людей. Гуманитарная энциклопедия [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 2013.10.03 (15.09.2014).

Күзембайұлы Аманжол
тарих ғыл.докторы, профессор ҚМПИ.
Әлібек Тамара Қайыржанқызы
тарих ғыл. кандидаты, доцент ҚМПИ

ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Қазіргі заман талабына сай мамандар дайындау жоғары оқу орындарының оқу үрдісі стратегиясы мен тактикасын түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Мақала авторлары жетістіктер мен олқылықтарды талдау негізінде пәнді оқытудың тиімділігін, студенттің танымдық

белсенділігін арттырудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану барысында жүзеге асатын міндеттерді анықтайды.

Пәнді оқытуда теориялық және әдістемелік мәселелердің шешімін табу маңызды деген қорытынды жасайды.

Түйінді сөздер: теория, әдістеме, парадигма, инновация, информациялық технология, ресурс.

АННОТАЦИЯ

Современный процесс подготовки кадров требует коренного изменения стратегии и тактики процесса обучения в высших учебных заведениях. Авторы статьи на основе анализа достижений и сложностей преподавания предмета определяют цели, которые реализуются путем активизации познавательной деятельности студентов, использования новых, эффективных методов обучения. Делают вывод о значимости решения теоретических и методологических проблем.

Ключевые слова: теория, методика, парадигма, инновация, информационная технология, ресурс.

ABSTRAKT

Modern process of staff training requires a radical change of strategy and tactics of the learning process in higher education. The author sets the aims on the basis of analysis of teaching process achievements and difficulties, which define the goals realized through the cognitive activity of students, using new effective teaching methods. The author makes a conclusion on theoretical and methodological problems solving.

Keywords: theory, methodology, paradigm, innovation technology, resource.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кірген пәндердің бірі-элеуметтану. Шет елдерде бұл пән 19- ғасырдан бері оқытылып келеді. Солардың тәжірибесіне қарағанда көпшіліктің элеуметтік санасының деңгейі қоғамдағы мәдени және элеуметтік процесіне игі әсер етеді. Мемлекеттің қуаты оның халқының спасына тікелей байланысты екендігі баршамызға мәлім. Олай болатын болса әрбір азамат сол қоғамның белсенді мүшесі болуы қажет. Ал бұл үшін орта және жоғары оқу орындарының түлектері қоғамдық пәндерден, оның ішінде элеуметтанудан сапалы білім алу керектігі айпаса да түсінікті. Соңғы жиырма жыл ішінде элеуметтану пәнін оқытуда біраз тәжірибе жинақталды.

Қысқаша отандық элеуметтану ғылымына тоқталар болсақ, алғашқы элеуметтік зерттеулер өткен ғасырдың 60-жылдары басталды. Ресми түрде 1988 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде элеуметтану ғылымынан маман дайындайтын бөлімше ашылды. 1991 жылы сол университетте элеуметтанудың алғашқы докторы пайда болды. Белгілі ғалымдардың оқулықтары мен оқу құралдары, шықты, диссертациялар қорғалды. Пәннің қазақ тіліндегі категориялыды - түсініктемелік аппараты, оқу-әдістемелік кешені жасалды. Қаншама монографиялар мен ғылыми, ғылымкөпшілік мақалалар жарияланды. Пән барлық оқу орындарында оқылатын міндетті ғылымдардың қатарына қосылды. Екі университетте (Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық, Л.Гумилев атындағы Ұлттық Еуразия университеттері) үш деңгейлі элеуметтанушы мамандар дайындалды.

Элеуметтану пәнін оқытуда біз де біршама тәжірибе жинақтадық. Соңғы жылдары болашақ мұғалімдер дайындауда элеуметтану пәнінің мүмкіншілігін барынша пайдалану мақсатында бірнеше оқу құралдары жазылды.

Дегенмен де шешілмеген проблемалар да аз емес. Элеуметтану пәні негізінен профилдік емес оқу орындарында оқытылады. Сондықтан да ол қоғамдық пәндер циклына кіреді. Бір оқу орнында оған үш кредит бөлсе, екіншісінде небары екі ақ кредит береді. Лекция шамадан тыс, 70 -80 адамдық аудиторияларда оқылады. Бір потокта шет ел тілдері, спорт және денешынықтыру, музыка және сурет өнері студенттері отырады. Мұның өзі оқытушыға педагогиканың негізгі принциптері болашақ мамандықты, оның профилін ескеруге мүмкіндік бермейді. Оған қоса соңғы жылдары қоғамдық пәндерді оқытудың логикалық реттілігі де сақталмай жүр. Элеуметтанудың философиядан бұрын оқылуы студенттерге біршама қиындық тудыратын жағдай.

Екіншіден, пәннің аз ғана уақыт оқытылуы бүгінгі таңда оның негізгі - ғылыми көзқарас қалыптастыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр. Студент қоғамдағы өз орнын, әлеуметтік нысандар қызыметін, ел алдындағы, мемлекет алдындағы азаматтық борышын толықтай түсініп үлгірмейді. Көпшілігі алдына өмір қойған сұрақтарға жауап таппай қиналады. Тіпті кейде теріс шешім қабылдауға жол береді. Оған жауап не оқулықта жоқ, не оқытушы түсіндіріп үлгірмейді.

Сондықтан бүгінгі оқулықтардың теориялық, методологиялық және әдістемелік олқылықтары туралы болмақ. Кез келген оқулықтың өмірден кеш жүретіндігі белгілі. Көптеген орыс және қазақ тілінде жарық көріп жатқан оқулықтар әлеуметтанулық білімнің дағдарысын айқын көрінісі. Біздің елде шығатын оқулықтар мен оқу құралдарына деген сұраныс толық түрде өтеліп отырған жоқ. Тираждары аз, электрондық версиялары туралы сөз ету қиын.

Бәрімізге мәлім әлеуметтану теориялық және тарихи - нақтылы ғылым. Ол белгілі бір елдегі белгілі бір уақыттағы қоғамдық процестерді зерттейді. Әлеуметтану пәні шеңберінде студенттер индивидтер, топтар әрекеттестігінің заңдылықтарын, оның нақты көріністерінің сипаттарын, толып жатқан терминдердің әлеуметтанулық тұрғыдағы мазмұнын меңгерулері керек. Көпшілік оқу орындарында бұл пәннің бірінші курста оқылатындығын ескерсек оқытушыға артылатын жүктің аса ауыр екендігін байқаймыз. Мектеп түлектерінің терминологиялық сауаттылығы біршама төмен екенін мойындау керек. Оны алғашқы сабақта дәстүрлі түрде өткізілетін тезаурус анықтап отыр. Мысалы1- курс студенттеріне «қоғам», «құрылым-структура», «әлеуметтік институт», «қауымдастық - общность», «әлеуметтік рөл» т.б. терминдердің мазмұны таныс болмай шығады.

Педагогикалық, инженерлік немесе ауылшарушылығы мамандарын дайындайтын оқу орындары үшін біздің бүгінгі өмірімізді айқындайтын, студент өзі өмір сүріп жатқан қоғамның заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік беретін, мамандықтардың ерекшеліктері ескерілетін жаңаша тұрпатта жазылған оқулықтар қажет.

Әлеуметтану білімі мен оның ғылыми қағидаларын байланыстыратын, бір біріне әсерін күшейтетін екінші бір мәселе олардың әдіснамалық негіздері. Әлеуметтану қоғамдағы процесстерге көп парадигмалық теориялық және методологиялық тұрғыдан қарайтындығы белгілі. Басқа да қоғамдық пәндерге қарағанда әлеуметтану қазіргі қоғамды талдауда бір біріне қарама - қайшы, кейде бірін бірі толықтыратын құрылымдық, интерпретациялық, интегралдық, танымдық парадигмаларды пайдаланады. Осыған қарамастан оқулықтардың басым көпшілігінің құрылымы, мазмұны және логикасы тек бір ғана - құрылымдық-функционалды парадигмаға негізделген.

Бүгінгі қазақ қоғамы өте жоғары динамизм, терең трансформациялық процесстермен және субъектілердің белсенділігімен ерекшеленеді. Сондықтан ғылымның негізгі объектісі адам. Ескі, эволюционизм, линейность және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатаң заңдылықтарды анықтау сияқты, методологиялық қағидалар бүгінгі заманның келбетін аша алмайды.

Біздің ойымызша, әлеуметтану ғылымы бір біріне байланысты екі мәселені шешіп отыр: Бірі –бүгінгі әлеуметтік жағыдайды толық тану болса, екіншісі- жеке тұлғаның зерттеу объектісі екендігін мойындау. Себебі, қазіргі заманда адамның рефлексиялық әрекетке қабілеті артуда. Ертеңгі күнге сенімсіздік, мүмкіншіліктің артуы адамды алдындағы сансыз таңдаудан тиімді жол таңдауға итермелейді. Міне осының барлығы әлеуметтануды өте қажетті ғылымдардың қатарына көтереді. Жеке тұлғаның өзінің «Менін» тануға үйрететін, оның қоғамның белсенді мүшесіне айналуына көмектесетін бірден бір ғылым –әлеуметтану. Осыған байланысты келешекте жазылатын оқулықтың құрылымы да мазмұны да жаңа әлеуметтік парадигмаға сәйкес болуға тиісті.

Әлеуметтану пәнін профилді емес оқу орындарында оқытудың өз ерекшеліктері бар. Болашақ мамандардың нақты жағдайды талдау, қажетті нақты әлеуметтік мәліметтерді жинау дағдыларын қалыптастыру үшін бүгінгі күні заман талабына сәйкес жаңа кешенді сипат алып отырған әдістер қолданылуда. Олардың бірі – студенттерді оқу үрдісінің белсенді

субъектісіне айналдыруға бағытталса (проблемалық дәрістер, кіші топтармен жұмыс, рөлдік ойындар т.б.), екіншісі – жаңа информациялық технологияны, интернет ресурстарды қолдану. Оларға жататындар: интернет арқылы алынатын ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік, анықтамалық, электрондық кітапханалар, көрсетілетін материалдар (презентациялар) т.б. Жаңа инновациялық технологияны оқыту үрдісіне енгізуде «Ғылыми кітапхана» деп аталатын ресми сайт оқытушылар үшін үлкен көмек көрсетуде. Бұл орайда айта кететін мәселе – мемлекеттік тілдегі әлеуметтанулық арнайы оқу материалдардың тапшылығы қазақ бөлімі студенттеріне айтарлықтай қиындық тудырып отыр.

Негізінде пәнді оқыту барысында келесі мақсаттар жүзеге асырылады:

➤ оқу үрдісін интерактивті және инновациялық әдістерді қолдану арқылы **интенсивтендіру**;

➤ оқуды жекелендіру (*индивидуализация*);

➤ білімді *интеграциялау*;

➤ білім беру үрдісінің *инфраструктурсының (құрылымының)* қалыптасуы: техникалық қамтамасыз ету.

Қорыта айтқанда қоғамдық пәндер жүйесінің қай компоненті болмасын, оның ішінде әлеуметтану болашақ маманның белсенді өмірлік, азаматтық позициясының қалыптасуына игі әсер ететінін ескеретін болсақ отандық әлеуметтанудың теориялық және әдістемелік проблемаларын шешу кезек күттірмейтін мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлібек Т.Қ. Проблемы соотношения исторического и социального // Ғасырлар тоғысындағы тарих ғылымының философиясы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 12 мамыр, 2006 жыл. – Қостанай, 2006.

2. Әлібек Т.Қ. Әлеуметтік пәндер арасындағы байланысты пайдаланудың кейбір мәселелері // Білім беру жүйесіндегі мамандарды даярлау сапасын көтеру жолдары. Ы Алтынсарин педагогикалық оқылымдары туралы мағлұматтар. 2 ақпан, 2007 жыл 1 бөлім. Қостанай: ҚМПИ, 2007.

3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. Алматы: Білім, 2008.

4. Субочева А.Д., Субочева О.Н. Инновационные методы обучения студентов // Научные труды (Вестник МАТИ). Вып. 21 (93) – М.: МАТИ, 2013, с. 388-393.

5. Шаяхметова А.А. Инновационные методы обучения преподавателя высшей школы. <http://repository.enu.kz/>.

Куребаева Гулнара Ахметовна
Семей қаласы Шәкәрім атындағы МУ,
педагогика ғылымдарының магистрі

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада жасөспірім кезеңде балалардың әлеуметтік-психологиялық даму ерекшеліктері жайлы баяндалған. Жасөспірімдік кезеңде психологиялық дамуды зерттеген психологтар еңбектеріне талдау жасалынған. Жасөспірімнің жеке басы дамуының аса маңызды факторы - оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі болып табылады.

Түйінді сөздер: жасөспірім, өзіндік рефлексия, дағдарыс, құндылықтар, жасөспірімнің өзін-өзі тануы, өзіндік сана-сезім.

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены социально-психологические особенности развития детей в юношеском возрасте. Дается анализ психологического развития предложенного различными авторами.